

Өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша қызметтегі кәсіби стандартты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 20/58 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 21 мамырда № 9446 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 393 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.12.2020 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі "Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2013 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 406 қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша қызметтегі кәсіби стандарт бекітілсін.

2. Фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті (А.Е. Қаджыбекова), Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (С.С. Хасенов) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен кәсіби стандартты енгізуге шаралар қабылдасын.

3. Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әлеуметтік саясат басқармасына (С.С. Лепешко) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А.Мамытбеков

Келісілген

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі

Т. Дүйсенова _____

2014 жылғы 7 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2014 жылғы 21 қаңтардағы
№ 20/58 бұйрығымен бекітілген

Өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша қызметтегі кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша қызметтегі кәсіби стандарты (будан әрі - КС):

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге;

4) кәсіби қызметтің мәніне бірыңғай талаптар әзірлеуге, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;

5) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге;

6) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

7) кәсіби даярлығын бағалаудан өткізу және мамандар біліктіліктерінің сәйкестіктерін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері, жұмысшылар;

2) ұйымдардың басшылары мен жұмысшылары, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде кәсіпорындар қызметінің функционалдық үлгілеріне, лауазымына, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, аттестациядан өткізу, еңбекке ынталандыру жүйесіне ішкі, корпоративті стандарттар және басқалар әзірленуі мүмкін.

4. Осы КС-да төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – жұмысшының нақты түрін орындауда кәсіби дайындық деңгейі

;

2) біліктілік деңгейі/білікті деңгейі –орындалатын жұмыстардың жауапкершілігін, өзгешілігін және қиындығын бейнелейтін қызметкер біліктілігіне(құзыреттілігіне) қойылатын талаптар;

3) еңбек заттары – нақты еңбек құралдары көмегімен өнім әзірлеу мақсатында жұмысшының әрекеттері бағытталған заттар;

4) еңбек құралдары – еңбек заттарын бастапқы жағдайынан өнімге түрлендіруде жұмысшының қолданатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиынымен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – бизнес-процеспен анықталатын және олардың еңбек қызметінің нақты түрінің шеңберінде орындалуы үшін тиісті құзыреттіліктің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің интеграцияланған және тиісінше автономды жиынтығы;

7) кәсіби қызметтің саласы – ортақ интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) КС – кәсіби іс-әрекеттің нақты саласындағы біліктілік деңгейлерге, құзыреттіліктерге, сонымен қатар еңбек мазмұны, сапасы және шарттарына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

9) КС бірлігі – кәсіби стандарттың еңбек қызметінің нақты түрі бойынша маңызды, қатысымды дербес, аяқталған, бүтін нақты еңбек функциясының толық сипаттамасының құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы білімді, ептілікті және практикалық дағдыларды талап ететін және білімі туралы тиісті құжаттармен нақтыланатын адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

11) құзыреттілік – қызметкердің кәсіби қызметте білімін және іскерлігін қолдану қаблеті;

12) лауазым – лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

13) міндет – нақты еңбек заттары мен құралдарын пайдаланып еңбек функциясын жүзеге асырумен және нәтижеге жетуге байланысты әрекеттер жиынтығы;

14) сала – өндірілетін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ мекемелер мен ұйымдардың жиыны;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығындағы танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

17) функционалдық карта – бір немесе басқа да кәсіби қызмет саласында нақты қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет облысы) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісі 03-2007: 01.61 Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру саласындағы қызметтің қосалқы түрлері, 02.10 Орман шаруашылығы және өзге де орман шаруашылығы қызметі, 02.40 Орман шаруашылығы саласында (орман өсіру мен ағаш дайындау) қызметтер көрсету.

6. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: өсімдік өнімі жойылуының алдын алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасында өсетін ресурстарды зиянды және ерекше қауіпті организмдерден (карантинді объектілерін қоса алғанда) қорғау.

КС өсімдіктерді қорғау және карантин кәсіби қызмет саласында еңбек мәніне, сапасына, жағдайына және қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

7. Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында берілген.

Стандарт талаптары қызмет түрлеріне және осы саланың төмендегі кәсіптеріне жатады:

өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном;
энтмолог;
фитопатолог;
герболог.

3. Еңбек қызмет (кәсіп) түрлерінің карточкасы

1-параграф. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном

8. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 5.

9. Лауазымның мүмкін атаулары: өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном.

10. "Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: фитосанитарлық мониторинг жүргізуді, ауыл шаруашылық өсімдіктерін зиянкестерден, аурулар мен арамшөптерден, карантинді объектілерінен қорғауды қамтамасыз ету.

11. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

12. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агрономның еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

13. Еңбек функцияларын айқындайтын, өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном орындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

14. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

15. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агрономның құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

2-параграф. Энтомолог

16. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 5.

17. Лауазымның мүмкін атаулары: энтомолог.

18. "Энтомолог" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: ауыл шаруашылық дақылдарының өсімдік зиянкестерімен зақымдануын анықтау үшін фитосанитарлық мониторинг жүргізу, карантинді өнімнің талаптарға сәйкестігін тексеру үшін карантинді талдау және карантинді сараптама жүргізу.

19. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

20. Энтомологтың еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

21. Еңбек функцияларын айқындайтын, энтомолог орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

22. Энтомолог орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

23. Энтомологтың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

3-параграф. Фитопатолог

24. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 5.

25. Лауазымның мүмкін атаулары: фитопатолог.

26. "Фитопатолог" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: ауыл

шаруашылық дақылдарының өсімдік ауруларымен және паразитті нематодтармен (фитогельминттер) зақымдануын анықтау үшін фитосанитарлық мониторинг жүргізу; карантинді өнімнің талаптарға сәйкестігін тексеру үшін карантинді талдау және карантинді сараптама жүргізу.

27. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

28. Фитопатологтың еңбек шарттарына, білімне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

29. Еңбек функцияларын айқындайтын, фитопатолог орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 4-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

30. Фитопатолог орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

31. Фитопатологтың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

4-параграф. Герболог

32. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 5.

33. Лауазымның мүмкін атаулары: герболог.

34. "Герболог" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: ауыл шаруашылық дақылдарының арамшөппен ластануын анықтау үшін фитосанитарлық мониторинг жүргізу; карантинді өнімнің талаптарға сәйкестігін тексеру үшін карантинді талдау және карантинді сараптама жүргізу.

35. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

36. Гербологтың еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

37. Еңбек функцияларын айқындайтын, герболог орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

38. Герболог орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

39. Гербологтың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

4. КС әзірлеушілері

40. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады.

41. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 6 - қосымшасында көрсетілген.

Өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 1-қосымшасы

Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

№ р/с	Қызмет түрі атауы	Еңбек нарығы тенденцияларын есепке алғандағы кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы	С Б Ш біліктілік деңгейлері
1.	Өсімдіктерді қорғау және карантин	Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном	Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном	5
2.	Өсімдіктерді қорғау және карантин	Энтомолог	Энтомолог	5
3.	Өсімдіктерді қорғау және карантин	Фитопатолог	Фитопатолог	5
4.	Өсімдіктерді қорғау және карантин	Герболог	Герболог	5

Өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 2-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	2213 Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном 1221 Өсімдіктерді қорғау жөніндегі бас агроном 3212 Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном (орта біліктілі)
Ауыл шаруашылығы саласының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 17 /308 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 8 тамызда № 8614 тіркелді)	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
5	Санатсыз, I-II

2-кесте. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агрономның еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптары

Кәсіби бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Өсімдіктерді қорғау және карантин саласындағы ауыл шаруашылық ұйымдары, мемлекеттік ұйымдар	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Дала жағдайларындағы жұмыс, пестицидтермен (улы химикаттармен) жұмыс	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі

5	Техникалық және кәсіби (орта буын маманы), орта білімнен кейінгі, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім	Тәжірибесі талап етілмейді, 1 санат үшін - өсімдіктерді қорғау бойынша 2 санатты агрономға тәжірибесі 3 жылдан кем емес, 2 санат үшін - өсімдіктерді қорғау бойынша санатсыз агрономға тәжірибесі 5 жылдан кем емес
---	---	---

3-кесте. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Шаруашылық аумағындағы ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарына, олардың зиянкестермен, өсімдік ауруларымен, арамшөптермен (карантинді объектілерін қоса алғанда) зақымдану көлемін, деңгейін анықтау үшін фитосанитарлық мониторинг жүргізу, олармен күрестің нақты әдістерін анықтау; ауыл шаруашылық дақылдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестерімен, ауруларымен және арамшөптермен күрес жұмысын ұйымдастыру
2	Ауыл шаруашылығы дақылдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестерімен, ауруларымен және арамшөптермен күресі бойынша іс-шаралар жоспары мен кестелерін әзірлеу; ауыл шаруашылық өсімдіктерін зиянкестерден, аурулардан, арамшөптерден (карантинді объектілерін қоса алғанда) агротехникалық, химиялық, биологиялық және басқа да құралдармен қорғау бойынша профилактикалық және оларды жою іс-шаралары кешенін жүргізуді қамтамасыз ету
3	Астық токтарын, қоймалар мен сақтау орындарын химиялық өңдеуді, тұқым материалдарын себу алдында пестицидтермен өңдеуді ұйымдастыру; пестицидтермен жұмыс істеу үшін химиялық және материалдық-техникалық құралдарға, арнайы киімдерге, жеке қорғаныс құралдарына деген қажеттілікті айқындау; пестицидтерді тиімді қолдану, дұрыс сақтау және есепке алуды қамтамасыз ету; қызметкерлердің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманы, еңбекті қорғау және өрт сөндіру қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын сақтауын қамтамасыз ету

4-кесте. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Пестицидтер, ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдары	Мамандандырылған зертханалық жабдық	1-1) Шаруашылық аумағындағы ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарына, олардың зиянкестермен, өсімдік ауруларымен, арамшөптермен (карантинді объектілерін қоса алғанда) зақымдану көлемін, деңгейін анықтау үшін фитосанитарлық мониторинг жүргізу, олармен күрестің нақты әдістерін анықтау 1-2) Ауыл шаруашылық дақылдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестерімен, ауруларымен және арамшөптермен күрес жұмысын ұйымдастыру.
			2-1) Ауыл шаруашылығы дақылдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда)

2	Қағаз, ұйымдастыру техникасы	Мамандандырылған зертханалық жабдық, компьютер, деректері бар журналдар	зиянкестерімен, ауруларымен және арамшөптермен күресі бойынша іс-шаралар жоспары мен кестелерін әзірлеу 2-2) Ауыл шаруашылық өсімдіктерін зиянкестерден, аурулардан, арамшөптерден (карантинді объектілерін қоса алғанда) агротехникалық, химиялық, биологиялық және басқа да құралдармен қорғау бойынша профилактикалық және оларды жою іс-шаралары кешенін жүргізу
3	Пестицидтер	Бүріккіш техникасы және жабдығы, компьютер, пестицидтердің қозғалысын есепке алау журналдары	3-1) Астық тоқтарын, қоймалар мен сақтау орындарын химиялық өңдеуді, тұқым материалдарын себу алдында пестицидтермен өңдеуді ұйымдастыру; пестицидтермен жұмыс істеу үшін химиялық және материалдық-техникалық құралдарға, арнайы киімдерге, жеке қорғаныс құралдарына деген қажеттілікті айқындау, пестицидтерді тиімді қолдану, дұрыс сақтау және есепке алуды қамтамасыз ету; 3-2) Қызметкерлердің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманы, еңбекті қорғау және өрт сөндіру қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын сақтауын қамтамасыз ету.

5-кесте. СБШ біліктіліктің 4- деңгейлі өсімдіктерді қорғау жөніндегі агрономның құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
2-1)	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестері, аурулары мен арамшөптерінің таралуына фитосанитарлық мониторинг жүргізу кезінде және фитосанитарлық мониторингті бақылауды ұйымдастыру кезінде қызметшілер әрекеттерінің нәтижесіне жауапкершілікті ала отырып қызметшілер тобын басқару	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестері, аурулары мен арамшөптерінің таралу кіндігін анықтау және олардың Қазақстан Республикасы территориясында таралу шекарасын анықтау білігі; фитосанитарлық есеп жүргізу дағдысы	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарына (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестерге, аурулар мен арамшөптерге қарсы күрес жүргізу бойынша қызметті атқару үшін фитосанитарлық мониторинг жүргізу әдістері; кәсіби (практикалық және теориялық) білім және практикалық тәжірибе (немесе кәсіби саладағы теориялық және практикалық білімнің кең ауқымы). Өсімдіктерді қорғау және карантин саласында білігі, жоғарғы білім

2-2)

Жұмыс және оқу барысын дербес бақылау және басқару, мәселелерді талқылау, дәлелдер келтіру, қорытынды шығару және ақпаратты сауатты қолдану қабілеттілігі

Теориялық және практикалық білімді қолдана отырып, кәсіби проблемаларды шешудің әр түрлі нұсқаларын, баламалы нұсқаларды қоса алғанда, дербес әзірлеу дағдысы

			қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау қағидалары
--	--	--	---

6- кесте СБШ 5-ші кәсіби деңгейдің өсімдіктерді қорғау бойынша агроном құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестері, аурулары мен арамшөптерінің тарату мен дамуының фитосанитарлық мониторингісін жүзеге асыру кезіндегі олардың әрекеттеріне жауапкершілікті алудың қызметкерлер тобының басшылығы	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестері , аурулары мен арамшөптерінің таралу кіндігін анықтау және олардың Қазақстан Республикасы территориясында таралу шекарасын анықтау білігі ; фитосанитарлық есеп жүргізу дағдысы	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарына (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестерге, аурулар мен арамшөптерге қарсы күрес жүргізу бойынша қызметті атқару үшін фитосанитарлық мониторинг жүргізу әдістері; кәсіби (практикалық және теориялық) білім және практикалық тәжірибе (немесе кәсіби саладағы теориялық және практикалық білімнің кең ауқымы). Өсімдіктерді қорғау және карантин саласында білігі, жоғарғы білім
1-2)	Жұмыс және оқу барысын дербес бақылау және басқару, мәселелерді талқылау, дәлелдер келтіру, қорытынды шығару және ақпаратты сауатты қолдану қабілеттілігі	Кәсіби проблемаларды шешудің әр түрлі нұсқаларын, баламалы нұсқаларды қоса алғанда, дербес әзірлеу дағдысы	Бүріккіш техникасы мен жабдығын қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау қағидалары

7- кесте СБШ 6-ші кәсіби деңгейдің өсімдіктерді қорғау бойынша агроном құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Жоғары белгісіздігі бар кәсіби жағдайларда шешімдерді қабылдауды бағалауды және жобалауды талдайды. Орындарды келісу мен коммуникация тәсілдерін анықтайды. Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестері, аурулары мен арамшөптерінің тарату мен дамуының фитосанитарлық мониторингісін жүзеге асыру кезіндегі олардың әрекеттеріне	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестері, аурулары мен арамшөптерінің таралу кіндігін анықтау және олардың Қазақстан Республикасы территориясында таралу шекарасын	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарына (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестерге, аурулар мен арамшөптерге қарсы күрес жүргізу бойынша қызметті атқару үшін фитосанитарлық мониторинг жүргізу әдістері; кәсіби (практикалық және теориялық) білім және практикалық тәжірибе (немесе

	жауапкершілікті алудың қызметкерлер тобының басшылығы	анықтау білігі; фитосанитарлық есеп жүргізу дағдысы	кәсіби саладағы теориялық және практикалық білімнің кең ауқымы).
	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестері, аурулары мен арамшөптерінің тарату мен дамуының фитосанитарлық мониторингісін жүзеге асыру кезіндегі олардың әрекеттеріне жауапкершілікті алудың қызметкерлер тобының басшылығы	Фитосанитарлық есеп пен есеп беру дағдылары	Өсімдіктерді қорғау және карантин саласында білігі, жоғарғы білім
1-2)	Жұмыс және оқу барысын дербес бақылау және басқару, мәселелерді талқылау, дәлелдер келтіру, қорытынды шығару және ақпаратты сауатты қолдану қабілеттілігі	Кәсіби проблемаларды шешудің әр түрлі нұсқаларын, баламалы нұсқаларды қоса алғанда, дербес әзірлеу дағдысы	Бүріккіш техникасы мен жабдығын қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау қағидалары

8-кесте СБШ 7-ші кәсіби деңгейдің өсімдіктерді қорғау бойынша агроном құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Түрлі әдістерді (сонымен қатар инновациялық) қолдану, жаңа амалды әзірлеуді талап ететін әдістемелік немесе технологиялық сипаттағы мәселелерді шешу	Құрылымдық бөлімнің немесе ұйымның қызметін түзету	Өсімдіктерді қорғау және карантин саласында білігі, жоғарғы білім
1-2)	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестері, аурулары мен арамшөптерінің тарату мен дамуының фитосанитарлық мониторингісін жүзеге асыру кезіндегі олардың әрекеттеріне жауапкершілікті алудың қызметкерлер тобының басшылығы	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарының (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестері, аурулары мен арамшөптерінің таралу кіндігін анықтау және олардың Қазақстан Республикасы территориясында таралу шекарасын анықтау білігі; фитосанитарлық есеп жүргізу дағдысы	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдарына (карантинді объектілерін қоса алғанда) зиянкестерге, аурулар мен арамшөптерге қарсы күрес жүргізу бойынша қызметті атқару үшін фитосанитарлық мониторинг жүргізу әдістері; кәсіби (практикалық және теориялық) білім және практикалық тәжірибе (немесе кәсіби саладағы теориялық және практикалық білімнің кең ауқымы).

2-2)

Жұмыс және оқу барысын дербес бақылау және басқару, мәселелерді талқылау, дәлелдер келтіру, қорытынды шығару және ақпаратты сауатты қолдану қабілеттілігі

Кәсіби проблемаларды шешудің әр түрлі нұсқаларын, баламалы нұсқаларды қоса алғанда, дербес әзірлеу дағдысы

		қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау қағидалары
--	--	---

Өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 3-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	2211 Энтомолог 2213 Агроном-энтомолог 1221 Бас энтомолог
Ауыл шаруашылығы саласының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 17 /308 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 8 тамызда № 8614 тіркелді)	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
5	Энтомолог, агроном-энтомолог-санатсыз, II
6	Энтомолог, агроном-энтомолог-санатсыз, II
7	Бас энтомолог

2-кесте. Энтомологтың еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Өсімдіктерді қорғау және карантин саласындағы ауыл шаруашылық ұйымдары, мемлекеттік ұйымдар	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Дала жағдайларындағы жұмыс, пестицидтермен (ұлы химикаттармен) жұмыс	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
5	Техникалық және кәсіби (орта буын маманы), орта білімнен кейінгі, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім	Санатсыз - тәжірибесі талап етілмейді, I санат - II санатты энтомолог қызметінде тәжірибесі 2 жылдан кем емес, II санат - Санатсыз энтомолог қызметінде тәжірибесі 2 жылдан кем емес
6	Жоғары білім, практикалық тәжірибе	Санатсыз-жұмыс өтіліне талапсыз; II санат – лауазымда санатсыз 1 жылдан кем емес; I санат – II санат лауазымында 1 жылдан кем емес
7	Жоғары білім, практикалық тәжірибе. ЖОО кейінгі білім, практикалық тәжірибе	жұмыс тәжірибесі - кәсіби қызмет бағытындағы 5 жылдан кем емес

3-кесте. Энтомолог орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)

1	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянкестермен ластануын анықтау үшін фитосанитарлық (этномологиялық) мониторинг жүргізу, карантинді өнімге зертханалық зерттеу жүргізу, зерттеуге түскен материалды қабылдау, зерттеу аяқталғанша оның сақталуын қамтамасыз ету
2	Ауыл шаруашылық дақылдарының өсімдік зиянкестерімен ластануына жүргізілген фитосанитарлық мониторинг нәтижелерін талдауды өткізу, карантинді өнімдердің халықаралық және отандық стандарттар талаптарына сәйкестігіне талдау және сараптама жүргізу; зертханалық сынақтар мен зерттеулер жүргізу; биологиялық материалдарды зарарсыздандыру мен жоюды қамтамасыз ету
3	Коллекциялық материалдың есебін жүргізу, оның сақталуын қамтамасыз ету; жаңа зерттеулер мен әзірлемелер бағыттарын дәлелдеу, ғылыми-өндірістік жұмыстар жоспарларына енгізу үшін ұсыныстар жасау; ауыл шаруашылық дақылдары мен карантинді объектілері зиянкестерінің таралуының қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлеу

4-кесте. Энтомолог орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функция - ларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Ауыл шаруашылық егіндері мен жайылымдары, карантинді өнімдері	Мамандырылған дала және зертханалық жабдық	1-1) Ауыл шаруашылық өсімдіктері зиянкестерінің дамуы мен таралуына фитосанитарлық мониторинг жүргізу, карантинді өнімдеріне зертханалық зерттеулер жүргізу
2	Фитосанитарлық (этномологиялық) объектілер, карантинді өнімдері	Мамандандырылған зертханалық жабдық, есептік журнал	2-1) Ауыл шаруашылық дақылдарының өсімдік зиянкестерімен ластануына жүргізілген фитосанитарлық мониторинг нәтижелерін талдау, карантинді өнімдеріне сараптама және талдау жасау; зерттеулер, тексерулер және сынақтар өткізу; биологиялық материалды зарарсыздандыру және жою
3	Фитосанитарлық (этномологиялық) объектілер, карантинді өнімдері	Арнайы мамандандырылған зертханалық және компьютерлік жабдық	3-1) Коллекциялық материалдың есебін жүргізу, оның сақталуын қамтамасыз ету; ауыл шаруашылық дақылдары мен карантинді объектілері зиянкестерінің таралуының қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлеу

5-кесте. СБШ біліктіліктің 5- деңгейлі энтомологтың құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
	Ауыл шаруашылық дөңді-дақылдардың зиянкестерін және олармен толуын анықтауда	Ауылшаруашылық алқаптар мен жайылымдар (карантин объектілерін қоса алғанда) зиянкестері,	Ауылшаруашылық алқаптар мен жайылымдар (карантин объектілерін қоса алғанда) зиянкестері, аурулары және арам шөптерімен күресу бойынша қызметін

